

«7М02309 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша «Әдебиеттану мен фольклористиканың әдіснамалық мәселелері» пәнінен практикалық сабақтардың жоспары

1- практикалық сабақ

Тақырыбы:

Әдебиет теориясының пән ретіндегі болмыс, табиғаты.

Сабақтың мақсаты:

Әдебиет туралы ғылым мен оның салалары, сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін оқып, үйрену.

Негізгі сұрақтар:

- 1.Сөз өнері туралы ғылым және оның салалары.
- 2.Әдебиеттану ғылымының жанама тарауларының ғылыми мәні.
- 3.Әдебиеттану ғылымы және өзге ғылым салалары.

Әдістемелік нұсқаулар:

"Ой қозғау" (breinstorming) тәсілі арқылы әдебиеттану ғылымының өзіндік ерекшеліктерін саралау, теориялық білімді игерудің алғышарттарын қалыптастыру жолындағы әдіс-тәсілдерді қолдану.

Әдебиеттер:

- 1.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. // Шығармалары. –Алматы. 1989.
- 2.Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы. 1969.
- 3.Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы.1992.
- 4.Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құр. Ахметов З., Шанбаев Т.) – А.,1998.

2 - практикалық сабақ

Тақырыбы:

Әдебиет теориясы мен эстетиканың ерте кезеңі. Орта ғасыр және қайта өрлеу дәуірінің эстетикасы.

Сабақтың мақсаты:

Өнердің түрлерін танып, білу. Ежелгі халықтардағы сөз өнерінің тарихын меңгеру.

Негізгі сұрақтар:

1. Сөз өнері жайлы пайымдаулар.
2. Ежелгі үнді, иран сөз өнерінің үлгілері.
3. Антикалық әлем, көне Грекия ойшылдарының ой-толғамдары.

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттердің пән тақырыбын (немесе тарауларын) жан-жақты зерттеу арқылы білімдерін бекіту.

Әдебиеттер:

- 1.Аристотель. Поэтика. // Аристотель и античная литература. –М. 1978.
- 2.Горький М. Әдебиет туралы. – Алматы. 1984.
- 3.Дремов А. Специфика художественной литературы. – Москва. 1964.

3 -практикалық сабақ

Тақырыбы:

Әдебиет теориясының ғылым ретінде қалыптасуы. Ұлттық әдебиет теориясы ғылымының қалыптасу тарихы.

Сабақтың мақсаты:

Әдебиет теориясының адамзат руханияты мен ұлт тарихындағы қалыптасу тарихын ғылыми жүйеде талдап, тану.

Негізгі сұрақтар:

- 1.Әдебиет теориясының ғылым ретіндегі алғашқы белгілері.
- 2.Адамзат өркениетіндегі әдеби-эстетикалық ойдың даму тарихы.

3. Ұлттық ғылым ретіндегі әдебиет теориясының тарихы.

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттердің бірлесе жұмыс жасау (топ ішінде, команда құрамында) дағдыларын жетілдіру мақсатында рөлдік ойын ұйымдастыру.

Әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. – Алматы. 1980.
2. Белинский В. Таңдамалы шығармалар. 2 томдық. – Алматы. 1947, 1948.
3. Аристотель. Поэтика. // Аристотель и античная литература. – М. 1978.

4-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Қазіргі әдебиет теориясындағы ғылыми ағымдар.

Сабақтың мақсаты:

Көркем өнер мен әдебиеттегі «халықтық» ұғымының тарихи категория екендігін, сондай-ақ әдебиеттанудағы осы ұғымға байланысты әр түрлі қоғамдық формациялардағы ойшылдар тұжырымын саралау.

Негізгі сұрақтар:

1. Көркем өнер түрлері.
2. Әдебиет – сөз өнері. Көркем әдебиетті бейнелеу құралдары.
3. Әдебиеттің халықтығы.

Әдістемелік нұсқаулар:

Қаралатын тақырыпты түсіндіру, талқылау, талдау және бағалау әрекеттері арқылы өз пікірлерін, ұстанымдары мен позициясын келтіруге дағдыландыру.

Әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы. 1969.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. 1992.
3. Тимофеев Л. Основы теории литературы. – Москва. 1971.
4. Горький М. Әдебиет туралы. – Алматы. 1984.
5. Дремов А. Специфика художественной литературы. – Москва. 1964.

5-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Қазақ әдебиеттануы ғылымындағы эстетика мен теория мәселелері

Сабақтың мақсаты:

Образдың жасалу жолдары, образдар жүйесі мен кейіпкер-прототип мәселелерін қарастыру.

Негізгі сұрақтар:

1. Көркем шығармадағы мінез, протип, тип
2. Реалистік, романтикалық образдар
3. Эпикалық, лирикалық, драмалық образдар

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттерге танымның методологиялық және әдістемелік тәсілдерін практикада қолдану мен оларды жетілдіру жолын меңгерту.

Әдебиеттер:

1. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы. 1995.
2. Гаджиев А. Романтизм и реализм. Теория литературно-художественных типов творчества. – Баку. 1972.
3. Нұрқатов А. Идея және образ. – Алматы. 1962
4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы. 1969.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. 1992.

6-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Әдебиет және өнер түрлерінің шығу тегі. Әдебиет және эстетикалық категориялар.

Сабақтың мақсаты:

Тақырып пен идеяның шығарманың негізгі өзегі екендігін, бұл екі ұғымның ажырамас бірліктегі категория екендігін айқындау.

Негізгі сұрақтар:

1. Тақырып - өмір шындығынан таңдалып алынған құбылыстар тобы.
2. Идея - өмір құбылысы жайлы жазушының айтқысы келген ойы.
3. Тақырып пен идеяның байланысы.

Әдістемелік нұсқаулар:

Әр түрлі тақырыптағы шығармалар бойынша топ студенттері ішінде пікірталас ұйымдастырып, «үлкен шеңбер» әдісі арқылы тақырып пен идея бірлігін анықтау.

Әдебиеттер:

1. М. Атымов. Идея және композиция. – Алматы. 1970.
2. Нұрқатов А. Идея және образ. – Алматы. 1962
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы. 1969.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. 1992.

7-практикалық сабақ**Тақырыбы:**

Әдебиет пен өнердің әлеуметтік, танымдық мәні мен сипаты.

Сабақтың мақсаты:

Шығарма мазмұны мен пішінінің аражігін ажырату, мазмұн мен идеяның тарихи категория екендігін айқындау.

Негізгі сұрақтар:

1. Көркем шығарманың мазмұны.
2. Көркем шығарманың пішіні.
3. Мазмұн мен пішін – тарихи категория.

Әдістемелік нұсқаулар:

Теориялық материалды семинар сабағында проблема шешу тұрғысынан талқылау. Студенттердің теориялық материал бойынша нақты проблемаларды айқындап, оларды шешу жолдарын оқытушының жетекшілігімен іске асыру.

Әдебиеттер:

1. М. Дүйсенов. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы. 1976.
2. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. – Алматы. 1998.
3. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. 1992.

8-практикалық сабақ**Тақырыбы:**

Әдеби тұлға, орта және автор. Архетип. Автор және шығарма.

Сабақтың мақсаты:

Көркем шығарма құрылысы, сюжет пен композиция және фабуланың негізгі ерекшеліктерін анықтау.

Негізгі сұрақтар:

1. Сюжет туралы түсінік.
2. Композиция және оның бөліктері.
3. Композиция мен сюжеттің байланысы, айырмасы.

Әдістемелік нұсқаулар:

Дәлелдеу жүйесі, ой-толғаныс пен өзіндік есеп, талдау, бағалау, тұжырымдау т.б. сияқты тәсілдерді қолдана отырып сыни ойлау мен өзіндік пікір қалыптастыруға қол

жеткізу.

Әдебиеттер:

1. М. Атымов. Көркем шығарманың композициясы туралы. – Алматы. 1969.
2. М. Атымов. Идея және композиция. – Алматы. 1970.
3. Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы. 1985.
4. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. 1992.

9-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Әдеби туынды. Теориялық поэтика ұғымы.

Сабақтың мақсаты:

Шығарма поэтикасы, шығарма тілінің ерекшеліктері мен көркем ойлау үрдісінің арақатынасын саралау.

Негізгі сұрақтар:

1. Көркем шығарма тілі туралы түсінік.
2. Синоним, омоним, антоним сөздер.
3. Аллитерация, ассонанс, теңеу, эпитет сөздер

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттерді кез келген білімді өздігімен үйреніп, оның негізінде шығармашылық арқылы жаңа түсінік пен білім құрастыруға дағдыландыру.

Әдебиеттер:

1. М. Базарбаев. Әдебиет және дәуір. – Алматы. 1986.
2. Аристотель. Поэтика. // Аристотель и античная литература. – М. 1978.
3. Горький М. Әдебиет туралы. – Алматы. 1984.
4. Дремов А. Специфика художественной литературы. – Москва. 1964.

10-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Көркемдік әлем; кейіпкер сөздері; заттар әлемі; табиғат көріністері.

Сабақтың мақсаты:

Автор тілі мен шығармадағы көркемдегіш құралдар, құбылтудың түрлерін таныту.

Негізгі сұрақтар:

1. Троптың түрлері.
2. Фигураның түрлері.
3. Тілді құбылту мен айшықтау құралдардарының қызметтері.

Әдістемелік нұсқаулар:

Танымның методологиялық және әдістемелік тәсілдерін практикада қолдану мен оларды жетілдіру, эссе жазу арқылы кейіпкерлер жүйесін талдау.

Әдебиеттер:

1. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы. 1995.
2. Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы. 1985.
3. Әл-Фараби. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. – Алматы. 1980.
4. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. А. 1998
5. Ж. Дәдебаев. Өмір шындығы мен көркемдік шешім. – Алматы. 1991.

11-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Уақыт пен кеңістік. Сюжет пен тартыс. Композиция.

Сабақтың мақсаты:

Негізгі сұрақтар:

1. Өлең жүйесі.
2. Қазақ өлеңінің құрылысы.
3. Ұйқас түрлері.

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттердің кез келген ақпаратты талдау қабілеттерін, таңдау жасау, қорытындылау мен шешім жасау біліктерін қалыптастыру мен жетілдіру.

Әдебиеттер:

- 1.Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы.1992.
- 2.Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құр. Ахметов З., Шаңбаев Т.) – А.,1998.
- 3.Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы. – Алматы. 1955.
- 4.Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы. 1973.
- 5.Мәшкүр- Жүсіпов Қ. Өлең – сөздің патшасы. –Алматы,1992.
- 6.Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы.1985.

12-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Көркем сөз бен мәтін.

Сабақтың мақсаты:

Өлең өлшемдері, өлең құрылысындағы ұлттық ерекшеліктер мен әдеби байланыс, дәстүр жалғастығы мәселелерін қарастыру.

Негізгі сұрақтар:

1. Әдеби тектің түрлері.
2. Әдеби жанр түрлері.
3. Эпикалық жанрдың түрлері

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттердің талдау қабілеттерін дамытып, ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар құрастыруға, оларды негіздеуге бейімдеу.

Әдебиеттер:

- 1.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. // Шығармалары. –Алматы. 1989.
- 2.Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы. 1969.
- 3.Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы.1992.
- 4.Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құр. Ахметов З., Шаңбаев Т.) – А.,1998.
- 5.Нұрғалиев Р. Арқау. 2 томдық. – Алматы. 1991.

13-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Әдеби жанрлар

Сабақтың мақсаты:

Шығарма түрлері, оларды саралау жолдары мен жанр, жанрлық түрлер мәселелерін қарастыру.

Негізгі сұрақтар:

- 1.Жанр табиғаты.
- 2.Әдеби тек пен жанр теориясы;
- 3.Жанрлар трансформациясы мәселелері.

Әдістемелік нұсқаулар:

Дәлелдеу жүйесі, ой-толғаныс пен өзіндік есеп, талдау, бағалау, тұжырымдау т.б. сияқты тәсілдерді қолдана отырып сыни ойлау мен өзіндік пікір қалыптастыруға қол жеткізу.

Әдебиеттер:

- 1.Белинский В. Таңдамалы шығармалар. 2 томдық. –Алматы. 1947, 1948.
- 2.Аристотель. Поэтика. // Аристотель и античная литература. –М. 1978.
- 3.Дремов А. Специфика художественной литературы. – Москва. 1964.

4.Ә.Дербісәлин. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.

5.М.Базарбаев. Әдебиет және дәуір. –Алматы. 1986.

14-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Стиль, ағым-бағыттар. Көркемдік әдіс.

Сабақтың мақсаты:

Суреткер ерекшелігі, көркемдік әдістер мен әдеби бағыттар табиғатын, олардың әр тарихи дәуірдегі өзгеру мен түрлену ерекшелігін айқындау.

Негізгі сұрақтар:

1. Әдеби даму заңдылықтары.
2. Әдебиеттанудағы әдіс-тәсілдер.
3. Стиль жайлы түсінік.

Әдістемелік нұсқаулар:

Қаралатын тақырыпты түсіндіру, талқылау, талдау және бағалау әрекеттері арқылы өз пікірлерін, ұстанымдары мен позициясын келтіруге дағдыландыру.

Әдебиеттер:

- 1.Ә.Дербісәлин. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.
- 2.М.Базарбаев. Әдебиет және дәуір. –Алматы. 1986.
- 3.Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. –Алматы.1982.
- 4.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. // Шығармалары. –Алматы. 1989.
- 5.Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы. 1969.
- 6.Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы.1992.

15-практикалық сабақ

Тақырыбы:

Дәстүр мен жаңашылдық. Көркемдік тәжірибе.

Сабақтың мақсаты:

Әдеби үрдіс ұғымы мен әдеби бағыттар айырмашылығын, көркем ойлау мен көркемдік құндылықтар ерекшелігін айқындау.

Негізгі сұрақтар:

1. Дәстүр деген не?
2. Өнердегі жаңашылдық деген не?
3. Көркемдік тәжірибенің өнердегі көрінісі неде?

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттердің бірлесе жұмыс жасау (топ ішінде, команда құрамында) дағдыларын жетілдіру мақсатында рөлдік ойын ұйымдастыру.

Әдебиеттер:

- 1.Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. –Алматы. 1994.
- 2.Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. –Алматы. 1995.
- 3.Стиль сыры. – Алматы. 1974.
- 4.Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. –Алматы. 1969.
- 5.Ә.Дербісәлин. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.
- 6.М.Базарбаев. Әдебиет және дәуір. –Алматы. 1986.